

Жаһандану дәуіріндегі Қазақстан

"Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан бағындырыған белестері аз емес. Аға буын бүгінгі жастардың бақытты өмір сұруі үшін біздің қандай қыын кезеңдердің бастан өткізгенімізді жақсы біледі. Біз еліміздің игілігі үшін жұмыс істедік. Қазақстанды әлемге таныттық"

Н.Ә.Назарбаев

Қазіргі кезде жаһандану дәуірі Қазақстанда да маңызды мәселе болып отыр. Еліміздің дамуына бұл процесс үлкен әсерін тигізуде. Қазақстан экономикалық және саяси жүйені жоғарлатқысы келсе, әлемдік проблемаларды шешуде шетте қалмауы керек. Жаһанданудың басты

міндеті– кез келген мемлекетті қалайда бір қауымдастықтың қатарына енгізу. Бұл жағдайда тәуелсіздігін енді алған Қазақстанның да шетте қалмай мемлекеттермен достастық орнатуы, еліміздің дамуына біршама пайдалы болды. Қазіргі таңда елдер арасында ынтымақтастық күшейіп мықты қарым-қатынастар орын алуда. Сол сияқты Қазақстан да көптеген мемлекеттермен достастық құрып дамыған елдердің қатарына қосылууда. Мемлекеттің мәңгі жасауын қамтамасыз ету, ұлттық мәдениетімізді сақтау үшін елімізде ғылым мен техниканы дамыту керек. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері дамыған мемлекеттер қатарына қосылуға бар күшін салды. Нәтижесінде 30 жыл ішінде дамыған елдердің арасында 262 мемлекеттің

қатарында 71-орынды иелеп тұр. Бұл еліміз үшін жаман көрсеткіш емес. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев еліміздің дамуына үлес қосу мақсатында "Қазақстан-2030" стратегиясын алға тұтып отыр. Біз ертеңгі күнімізге үлкен үмітпен қараймыз. Басты борышымыз – Қазақстан экономикалық және рухани байлығын молайтуға ат салысу. Еліміздің жаһандану дәуірінде дамыту, басқа мемлекеттермен тығыз байланысты орнату басты мақсаты. Егер қазба байлықтарымызды тиімді пайдаланып, шет елдермен ұтымды сауда жасасақ, халқымыздың әл-ауқатының артуына негіз бола алады. Бұл еліміздің жаһандану дәуірінде дұрыс бағытта болуына әсерін тигізетіні анық. Отанымыз үшін аямай

еңбек ету- біздің басты парызымыз.
Жаңа ғасырдағы- Жаңа Қазақстанды
өз қолымызбен жасайық!. Еліміз аман,
жұртымыз тыныш болғай!.